

8D02303—«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының кандидаты Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлының

ЖАЗБАША ШҚІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) даму ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; - Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы. <p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.</p>
2	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p>	<p>Диссертант А.Ш.Несіпбай өз зерттеуі барысында қазақ тіліндегі бұдан терминдердің зерттелуіне елеулі үлесін қосқан. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі бұдан терминдердің тілдік табиғатын алғаш рет диссертация деңгейінде арнайы зерттеп, олардың морфологиялық құрылымына, компоненттік құрамына, шығу негіздері мен қолданылу аясына қарай түрлерін, эндогенді және экзогенді құрамбөліктерден тұратынын анықтаған. Бұдан терминжасамның синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдері мен деривациялық модельдерін айқындап, бұдан терминжасамның өнімді, өнімсіз жұрнақтарын, белсенді</p>

			<p>терминбөлшектерді анықтаған. Бұдан терминдердің ғылыми мәтіндердегі және медициналықтегі функционалдық қызметін саралау нәтижесінде олардың номинативті, дефинициялық, сигнификалық, танымдық, бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функцияларын анықтаған. Бұдан терминдердің қолданысын саралап, қазақ тілінің терминжүйесінен алатын орнын айқындаған. Осы аталған зерттеу нәтижелері қазақ тілінің лексикологиясы, терминология, терминжасау салаларын дамытуда айтарлықтай үлес қоса алады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидағары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішкі бірікпелі; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (5-6 беттер). Қазіргі қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері – арнайы әрі жеткілікті зерттелмеген тың тақырып. Диссертация тақырыбы қазақ тіліне шет тілдерден енген кірме терминдердің тіліміздің сөзжасау заңдылықтарына сай жаңа терминдер жасау үдерісін, бұдан терминдердің қолданысын, функционалдық ерекшеліктерін зерттеу арқылы олардың ұлттық терминдерді жаңа үлгідегі терминдермен толықтыруға қосатын үлесін, бұдан терминжасауның тәсілдері мен деривациялық модельдерін айқындауымен өзекті.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық сипатын зерттеуге бағытталған.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық табиғатын кешенді зерттеу арқылы олардың морфологиялық құрылымын, бұдан терминжасам тәсілдерін, сөзжасамдық модельдерін, функционалдық ерекшеліктерін, ұлттық терминологиялық қордан алатын орнын айқындау. Аталған мақсаттар мен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-8 беттер).</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (12-38 беттер) лингвистикалық бұдан құбылысы және оны зерттеу аспектілеріне, бұдан терминдердің типологиясына теориялық тұрғыдан тоқталған. Келесі бөлімде зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған қазақ тіліндегі бұдан терминдердің сөзжасамдық тәсілдері мен модельдеріне талдау жасаған (39-76 беттер). Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің қолданысын және ұлттық терминологиядан алатын орнын анықтауға бағытталған үшінші тарауда ғылыми мәтіндер мен медиакөрсеткіштегі бұдан түзілімдердің функционалдық ерекшеліктері анықталған (76-104 беттер). Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық тұрғыдан байланысты.</p>
	<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ 	<p>Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидағтар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, қазақ тіліндегі бұдан терминдер жайында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған («гибрид сөздер», «кентавр сөздер», «компаратив сөздер» «бұдан сөздер» терминдеріне талдау 12-13 бб.). С.Құлманов ұсынған қазақ тіліндегі бұдан терминдерді жіктеуіне қатысты өзінің сыни пікірі</p>

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% 3) жаңа болып табылады); 4) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	(26-бет); бұдан терминдердің 5 түрлі құрылымдық түрлерін анықтауы (27-бет); қазақ тіліндегі бұдан терминдер жасалуының моделін ұсынуы (43-бет); қазақ тіліндегі бұдан терминдердің қолданысын біріздендіру қажет деп тауып өзіндік дәлелдемесін ұсынған талдаулары автордың жаңа шешімдерін өзіндік сыни талдауға негіздегенін анық танытады.
			Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық табиғаты алғаш рет арнайы зерттеу нысаны ретінде алынуы; бұдан терминдердің теориялық негіздері айқындалуы; типологиясы, компоненттік құрылымы, бұдан терминжасамның синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдерінің анықталуы; деривациялық модельдер жасауы; функционалдық ерекшеліктерінің саралануы; қазақ тілінің терминжүйесіндегі орнының анықталуы жұмыстағы жаңа нәтижелер болып табылады. Зерттеу нәтижесінде алынған жеті тұжырым толығымен жаңа.
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	Бірінші тұжырым бойынша автордың бұдан терминдерге шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдерді жағқызуын жаңа деп санаймыз. Себебі, бұған дейінгі зерттеулерде бұдан терминдер қатарына құрамында төлтілдік компонент болмаса да әртүрлі тілдердің элементтері арқылы жасалған терминдер де жағқызылып жүрген. Бұдан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын-қазақ сөздерінен; грек, латын негізді сөздер-қазақ сөздері; француз, неміс сөздері-қазақ сөздерінен; орыс- қазақ сөздерінен жасалған бұдан терминдер деп жіктеуі; компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті бұдан терминдер деп жіктеуі – жаңа. Бұдан терминжасам тәсілдері синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдер деп жіктелуі – жаңа. Қазақ тілінде бұдан терминдердің «кірме тілдік негіз + төлтілдік жұрнақ»; «Префикс + түбір/ негіз»; «кірме түбір/негіз + төлтілдік

		<p>түбір/негіз, «кірме қысқарған сөз + төлтілдік түбір негіз» сөзжасамдық моделдерін анықтауы – жаңа.</p> <p>Будан терминдердің номинативті, дефинициялық, сигнификагтық, танымдық, бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функциялары бар деп тұжырымдауы – жаңа.</p> <p>Медиакеңістіктегі будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінеді және күрделі ұғымдарды немесе процесстерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді деп тұжырымдауы – жаңа.</p> <p>Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуындағы олықлықтарды, тілдік нормаға сәйкессіздіктердің болуын анықтауы және бұл кемшіліктерді жою тіл тазалығының сақталуына, ұлттық ғылым тілінің дамуына ықпал ететіні туралы тұжырымы – жаңа.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ғылыми жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, зерттеу нысаны болған гибрид термин, будан термин деп жарыспалы қолданылып жүрген ұғымды Ш.Құрманбайұлы ұсынған атауға сүйенсе отырып, будан термин деп атаған (13 бет); будан терминдердің құрылымдық түрлері мен модельдерін құруда Б.Момынованың будан сөздердің жасалуына қатысты тұжырымдары басшылыққа алынған (26-27 бб.); будан терминжасам тәсілдерін анықтауда қазақ тілінің сөзжасамы тәсілдеріне қатысты Н.Оралбайдың тұжырымдарына сүйенген (44-бет).</p>

Қорғауға шығарылған негізгі ережелер

Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

7.1 Қағидағ дәлелдендіме?

1) **дәлелденді**;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) **жоқ**

7.3 Жаңа ма?

1) **ия**;

2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) **кең**

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) **ия**;

2) жоқ

Қорғауға шығарылған негізгі ережелер: 1-тұжырымда Будан термин – шетілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдер деп тұжырымдай отырып, будан терминдердің екі тілдің компоненттерін қамтитын, кірме және автохтонды элементтердің бірігуінен туындайтын термин екендігі нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

2-тұжырымында Будан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын-қазақ сөздерінен; грек, латын негізді сөздер-қазақ сөздері; француз, неміс сөздері-қазақ сөздерінен; орыс-қазақ сөздерінен жасалатындығы; компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті болатыны талдаулармен, теориялық зерттеулердегі тұжырымдармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Зерттеу жұмысының 3-тұжырымында будан терминжасам тәсілдері синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдер екені дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

4-тұжырым зерттеу нысанына алынған қазақ тіліндегі будан терминдердің «кірме тілдік негіз+төлтілдік жұрнақ»; «Префикс+түбір/негіз»; «кірме түбір/негіз+төлтілдік түбір/негіз», «кірме қысқарған сөз+төлтілдік түбір негіз» сөзжасамдық моделдері арқылы жасалатыны талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Бесінші тұжырымда будан терминдердің номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық, бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функциялары тілдік деректермен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Алтыншы тұжырым медиакеңістіктегі будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік функциясы анықталып, мағыналары

8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманың таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	көп жағдайда ғылыми дәлдігімен, толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленетіні туралы мысалдар арқылы дәлелденген. Жетінші тұжырымда бұдан терминдердің қолданысында тілдік нормалардан ауытқу, бірізділіктің болмауы сияқты олқылықтардың кездесетіні нақты тілдік фактілер және сауалнама нәтижелері арқылы дәлелденіп, аталған кемшіліктерге жол бермеудің тіл тазалығын сақтауға ықпал ететіні дәйектелген. Диссертация мазмұны бойынша халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒЖЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 5 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 3 мақаланың және бұдан терминдер сөздігінің жариялануымен расталады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған. Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер – жинақтау, тұжырымдау, қорыту және жіктеу, интерпретация, сөздік дефиниция; құрылымдық-семантикалық талдау, лингвистикалық модельдеу, салыстырмалы лингвистикалық талдау, сауалнама, статистикалық зерттеу, контент-талдау әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және байланыстар	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғанын көрсетеді. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар дәлелденген және расталған. Атап

	<p>зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>айтқанда, бұдан терминдердің синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсіл арқылы жасалған түрлері кесте түрінде дәлелденген (118-123 беттер).</p> <p>Бұдан терминдердің жарыспалылығы, қолданысындағы бірізділіктің болмауы нақты мысалдар арқылы және сауалнама нәтижелері арқылы расталған (124-129 беттер)</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған/ расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған:</p> <p>лингвистикадағы бұдан құбылысы және бұдан сөздердің жасалу жолдарына қатысты Л.А. Тарасова, Е.Н. Ардамагская, Л.П. Крысин, Н.В. Перцов, Т.В. Полова, Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, А. Көшекова; терминология саласы бойынша Е. Вюстер, Д.С.Логте, А.А. Реформатский, О.С. Ахманова, В.М. Лейчик, А.В. Суперанская, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Қожанов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Н.Төреқұлов, Қ.Жұбанов, І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Ә. Қайдаров, Ш. Құрманбайұлы, Ө.Айтбаев т.б. еңбектеріне талдау жасалынған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 133 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p>
<p>9 Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс қазақ тілінің лексикологиясы, терминология, терминжасам салаларының жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның</p>	<p>Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: ұлттық терминологиялық жүйені біріздендіруге, терминжасам тәсілдерін</p>

		практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	тиімді пайдалануға, бұдан терминдерді қолданылуын біржүйеге келтіруге ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішкі жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің тілдік табиғаты мен жасалу жолдарына, қолданысына кешенді лингвистикалық зерттеу алғаш рет жүргізіліп отыр.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11	Диссертацияға ескертулер		Ұсыныстар: 1) Зерттеу жұмысы негізінен құрылымдық бағытта жүргізілген. Жұмыс қазақ терминологиясында орын алып отырған ретсіздіктерді (өзге тілді сөзжасам элементтерінің тілімізге еніп кетуі, қазақ тілінде баламасы бола тұра өзге тілді терминдерді қолдану немесе қате қолдану, қазақ тілінің төл заңдылығы буын үндестігінің бұзылуы және т.б.) бір жүйеге келтіру мақсатында синергетикалық парадигма бағытында жүргізілгенде; 2) Қазақ тілінде шеттен енген терминдердің еш өзгерісіз қолданылуы қазақ тілінің төл заңдылықтарын бұзып отырғандығы белгілі. Соның ішінде бұдан терминдер де тіліміздің буын үндестігі заңын бұзу фактілері жиі кездеседі. Орын алып отырған осы мәселеге диссертациялық жұмыста кеңінен талдау жасалынып, қазақ тілінде дұрыс таңбалануының тетіктері берілгенде жұмыстың құндылығы артар еді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша Scopus мәліметтер базасында мақаласы жарияланған. <i>Forum for linguistic studies</i> журналындағы Volume 7. Issue 3, March 2025 «Ways of formation

<p>бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>and structural features of hybrid terms in the tourism sphere in Kazakh language» ғылыми мақаласы жоғары құндылыққа ие. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер саны 5 мақаланы құрайды, ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған басылымдарда 3 мақаласы жарық көрген. Сонымен қатар, Будан терминдер сөздігі атты көмекші оқу құралы баспадан шыққан.</p>
<p>13 Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сай келетіндіктен, оның авторы 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
Жалпы білім беру пәндері кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты

Б.С.Жонкешов

